

БӨЛІМ: ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Мемлекеттік тіліміздің қоғамдық санадағы сипаты

ЖАРИЯЛАНДЫ
12.04.2022СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/118424/

Қаіргі кездегі тіл үйретудегі мақсат – жан-жақты, білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой-толғамы бар, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай жағдайда оқыту кезінде оқытушы білім беруге емес, студенттің, үйренушінің өзінің тілді үйренуіне қызығушылығын арттыруға, тілді үйренуге деген ынтасын күшейтуге бар күшін жұмсауы керек. Міне осы арада жаңаша жаңғыртып оқыту жүйесімен байланыстыру қажеттігі келіп шығады.

Қазіргі таңдағы әлемдік ғылым мен білім беру саласындағы жетістіктерге негізделген жаңа жүйе еліміздің білім беру саласына өзгерістер өз кезегінде болашақ интеллектуалды ұлтты қалыптастырудың кепілі болмақ. Жалпы білім беретін мектептерде, жоғары оқу орындарында қазақ тілін ақпараттық коммуникативтік технологиясы негізінде сөйлеу дағдысын қалыптастырудың кепілі болмақ.

Жалпы білім беретін мектептерде, жоғары оқу орындарында қазақ, орыс, ағылшын тілдерін ақпараттық коммуникативтік технология негізінде сөйлеу дағдысын қалыптастырудың тиімді жүйесі ретінде ақпараттық технологияны, компьютерді, мультимедианы қолданудың артықшылығы тәжірибе жүзінде дәлелденген, қазіргі оқу орындарында кеңінен қолданылуда.

Мемлекеттік тілдің қоғамдық аясының кеңеюі ғалымдар алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Ол жаңа типтік бағдарламалар мен оқулықтар жасаумен, білікті кадрларды көбейтумен, озық техникалық құралдармен жабдықтаумен шектелмейтіні белгілі. Бұл ретте тарихы беріден ғана басталған қазақ тілін оқытудың тіл біліміне қосқан үлесі соншама мол болғанмен, бұл саладан да шешімін таппай жүрген мәселелер жеткідікті. Сондай-ақ қоғамымызда қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудың проблемаларын жақсарту және жетілдіру айрықша маңызды.

Бұл бағдарламаны жетілдіруде, оны практикада қолдануда, өте тиімді ғылыми негіз ретінде Л.С.Выготский, Д.Дьюи, Ж.Пиаже еңбектері тілді үйретушілерге орасан зор көмек көрсеткенін атауға болады. Жоғарғы белсенділікті дамыту бағдарламасы әлемнің әр түкпірінен жиналған ғалымдардың, педагогтардың, психологтардың еңбектері негізінде үздіксіз жетілу үстінде. Сын тұрғысынан ойлауды дамытуды жүйеге келтіруде, негіздеуде Ч.Тэмпл, Дж.Стилл сынды ғалымдардың еңбектерінің маңызы зор екенін

ғалымдар, оқытушылар, ұстаздар айтып жүр.

Жоғары оқу орындарында, орта мектептептерде бұрынғы дәстүрлі әдістемелерден бірталай айырмашылығы бар, жаңа ізденістегі тың әдістемелер қолданылып жүр. Бұған «үйренушінің дербес танымдық белсенділігін арттыратын жаңаша жаңғыртып оқыту (инновационная), жоғарғы белсенділікті дамыту (интерактивная), оқытудың көпдеңгейлік әдістемелері мен жобалық әдістер» жататындығын айтады белгілі әдіскер ғалым Қ. Қадашева «Қазақ тілін оқыту әдістемесі»-атты еңбегінде, жаңаша оқыту жүйесінде үйренуші – бұрынғы ұғымдағыдай, әрекетсіз, енжар тұлға емес, ол оқыту үрдісіне толық, белсенді түрде қатысатын, тілді үйренумен ғана шектелмейтін, азамат ретінде қалыптасуға бүкіл қабілет-қарымын жұмсайтын белсенді тұлға.

Қазақ тілі сабағында әдістерді тиімді пайдалану арқылы студенттердің білімге деген қызығушылықтарын арттыру, терең ойлау қабілетінің белсенділігін қалыптастыру, оқытудың жаңа технологиясы арқылы жүзеге асып келеді.

Жоғарғы белсенділікті дамытумен қатар «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасының негізгі ерекшелігін Роза Бекмұханбетова «Тіл сабағында қолданылатын жаңа әдістер». Және «Қазақ тілі мен әдебиеті» аты еңбектерінде дұрыс көрсеткен. Ол: «Оқушыларды өз ойын еркін жеткізуге дайындайтындығымен; сабақты өткізу барысында стратегиялардың барлығы үш кезең арқылы жүзеге асатын тиімділігімен; оқытушының сапалы сабақ өткізуіне мүмкіндік туғызу; оқыту мен ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдерінің молдығымен; ғылыми-теориялық тұжырымдамаларының тереңдігімен» – ерекшеленетінін дұрыс байыптай білген.

Сын тұрғысынан ойлану сабақтарында оқыту, студенттерге үйрету емес, студенттердің үйренуіне көмектесу жүзеге асырылады. Бұл жүйе оқытуды жаңаша ұйымдастыруды, озық тәжірибелерді қолдануды қажет етеді. Ұжымдық іс-әрекет білім игеруде ортақ қарым-қатынас құралына айналады. Білім алу, тілді игеру оқытушы көмегімен студенттердің білім деңгейіне қарап сараланып, студенттердің өз еркімен жүзеге аса бастайды.

Қазіргі оқытылатын пәндер студенттердің болашағы, таңдайтын мамандығына қарай бағытталып, мақсатты білім беру ісіне назар аударылуда. Білім мен тәрбие берудегі мемлекеттік істің ең маңыздысы – жеке, шығармашылық тұлға қалыптастыру. Кәсіпке дайындау, мақсатты білім беру – тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселелер.

Қазіргі кезеңнің ең басты ерекшеліктерінің бірі ретінде жеке тұлғаның көзқарастары мен болмысына көңіл қоюдың артуын атап өту керек. Бұл жерде студенттің білімді өздігімен игеруіне басты күш жұмсалуды керек. Мұндай әрекетте студентті тыңдай білу, студенттің пікірін бағалау үлкен маңызға ие болады.

Білім беру жүйесінде әр пәннің өзіндік ерекшеліктері, өзіне тән қиыншылықтары болады. Студенттің сапалы білім алуына, сол пәннен алынатын міндетті білім дағдыларын меңгеруіне дұрыс бағытта жол ашу үшін, әр пән оқытушысы сол пәннің өзіне тән ерекшеліктеріне, сол пәнге тән оқыту принциптеріне баса көңіл бөлгені жөн. Ә.Қасымбеков «Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуды жетілдірудің кейбір жолдары» атты

еңбегінде «Оқу орыс тілінде жүретін топтарда қазақ тілін оқитын студент өзіне таныс емес тілдің дыбыстық құрамын, дыбыстардың айтылу нормасын, дыбыстардың айтылу нормасын, дыбыстық заңдылықтарын, оның грамматикалық құрылысын игеруге, ойын еркін жеткізуге, басқаның сөйлеуін түсінуге, жеткілікті дәрежеде сөздік қорын меңгеруге тиісті және қазақша сөйлеуге жаттығып, қазақ тілінде қарым-қатынас жасай алуы қажет».

Жаңаша жаңғыртып оқыту жүйесінде де үйренушінің жалпы дербес қабілеті де, өзіндік мүмкіндіктері де, шығармашылық болмысын да дамытуға басты күш жұмсалады. Тілді «зорлап» үйретпей қайта әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, тіл үйренуге деген қызығушылығын ояту мәселесі басты назарда болуы бүгінгі күннің міндеті. Қазіргі уақытта қарама-қайшылыққа құрылған проблемалық сөйлеу жағдаятының орны ерекше. Н.Әміреев Оқытудың кредиттік жүйесінде студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастырудың әдістері» және «Қазақ тілі мен әдебиеті» атты еңбектерінде «Басқа тілді студенттерге қазақ тілін үйретуде қарама-қайшылыққа құрылған проблемалық сөйлеу жағдаятын ұйымдастыру барысында студенттің білімін тереңдетуге, ой-өрісін кеңейтуге, олардың тілді үйренуге ынтасын, құмарлық сезімін оятуға көмектеседі, олардың жан-жақты қабілеттілігі мен шығармашылық күшін дамытады және алған білімдерін іс жүзінде қолдана білуге жәрдемін тигізеді».

Қазақ тілі пәні оқытушысының тілді үйрету ынтасы, тапқырлығы студенттің қарама-қайшылыққа құрылған проблемалық сөйлеу жағдаятындағы жұмысты, тапсырмаларды дұрыс орындауына көмектеседі. Мұндай жағдайда тақырыптарды дұрыс таңдау, іріктеп ала білу де маңызды. Сонымен бірге студенттердің сұранысын, қабілетін есепке алып отыру да табыс кілті болып табылады.

2-курс магистранты Ә.Ж. Жанболатова

Әл-фараби атындағы ҚазҰУ-нің

аға оқытушысы Ж.М. Арынов

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.